

*Кожанулы М.***ҚАЗАҒЫ БАР ДА ШЫҢҒЫС ӘЛЕМІ БИІКТЕЙ БЕРЕДІ***Кожанулы М.***ЧЫНГЫЗ АЙТМАТОВДУН ДҮЙНӨГӨ КӨЗ  
КАРАШЫНЫН ЖҮЗҮ***Кожанулы М.***ОБЛИК МИРОВОЗЗРЕНИЯ ЧЫНГЫЗ АЙТМАТОВА***M. Kozhanuly***THE COUNTENANCE OF THE WORLD CONCEPTION  
OF CHYNGYZ AITMATOV**

УДК: 81'276.6:355

Мақалада ғылым мен технология гасырында адамзат баласының ақыл-ойын әдеби шығармалар арқылы қалыптастырып тәрбиелеуде жазушы Ш. Айтматов шығармалары рөлінің маңызы зор екеніне назар аударып, әскери ортаны оның шығармашылық мұрасын рухани-адамгершілік тұрғысынан зерттеу арқылы Шыңғыс әлемі қарастырылады. Сонымен қатар, автор Ш. Айтматовтың шығармашылық мұрасының өміршеңдігі еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен сабақтасып жатқанын және оны келешек ұрпаққа жеткізу аға буынның басты парызы екенін алға тартады. Келешекте Шыңғыс әлемі туралы әскери мамандар қоғамдық және гуманитарлық т.б. ғылымдар саласындағы ғалымдардың зерттеулеріне сүйеніп, ел қорғау тағдыры болашақ ұрпақтың қолында екенін және оның шығармасы арқылы әскери қызметшілер бойына патриоттық рухты, ұлттық болмысты, адами құндылықтар мен қасиеттерді танымдық тұрғыда зерттеуді ұсынады.

**Негизгі сөздер:** әскери орта, Шыңғыс әлемі, әлем әдебиеті, рухани жаңғыру, әскери қызметші, рухани-адамгершілік құндылық, патриоттық рух.

Мақалада коомдун дөөлөттүк багытын түзүүдө жазуучу Чыңгыз Айтматовдун чыгармаларынын ролу талкууланды, заманбап илимдин жана техниканын өнүгүү доорунда Чыңгыз Айтматовдун руханий-адеп-ахлактык баалуулуктарын аскер чөйрөсүндө, руханий-адептик баалуулуктарды даңазалоонун маанилүүлүгү белгиленди. Мындан тышкары, автор Чыңгыз Айтматовдун көркөм чыгармачылыгынын милдеттеринин «руханий модернизация» программасы менен болгон актуалдуулугун баса белгилейт жана Чыңгыз Айтматовдун социалдык-философиялык көз караштарын улуу муундун ыйык карызы катары жана ал жаштардын руханий өнүгүү идеяларын жеткирүү керектигин көрсөтөт. Автор улуттук бирдейликти жана адеп-ахлактык баалуулуктарды түзүүнү, аскер чөйрөсүндөгү идеологиялык тарбияны сунуштайт, анткени өлкөнүн

тағдыры келечек муундун колунда экендигин белгилейт, ошондой эле гуманитардык жана социалдык илимдер жаатындагы аскер адистеринин илимий изилдөөлөрүнүн негизинде илимий-таанып-билүү шимердигинин жүрүшүндө болурун белгилейт.

**Негизги сөздөр:** аскердик чөйрө, Чыңгыздын дүйнөсү, тынчтык адабияты, руханий модернизация, аскер кызматчысы, руханий-адептик баалуулуктар, патриоттуулук.

В статье рассмотрена роль произведений писателя Чыңгыз Айтматова в формировании ценностных ориентиров общества, отмечена значимость исследования духовно-нравственного мира Ч. Айтматова сквозь призму духовно-нравственных ценностей в военной среде, в эпоху развития современной науки и техники. Кроме того, автор подчеркивает актуальность задач художественного творчества Ч. Айтматова с программой «Духовной модернизации» и указывает социально-философские воззрения Айтматова как священный долг старшего поколения, которое должно донести идеи духовного развития до молодежи. Автор предлагает формировать национальную идентичность и нравственные ценности, идеологическое воспитание в военной среде, о том, что судьба страны находится в руках будущих поколений, на основе научных исследований военных специалистов в области гуманитарных и социальных наук, в ходе научно-познавательной деятельности.

**Ключевые слова:** военная среда, мир Чыңгиза, литература мира, духовная модернизация, военнотружеников, духовно-нравственных ценности, патриотизм.

The article considers the role of the works of the writer CH. Aitmatov in the formation of value orientations of society, the importance of researching Aitmatov's spiritual and moral world through the prism of education spiritual and moral values in the military environment is noted, in the era of the development of modern science and technology. The author also not only points out the actuality of Aitmatov's creative heritage with the program of «Spiritual Development» and the patriotic education of military personnel, but also emphasizes his social-

*philosophical views as a sacred duty of the older generation, which should convey the ideas of spiritual development to young people. The author proposes to form a national identity and moral values, ideological formation in the military environment that the fate of the country is in the hands of future generations, on the basis of scientific research of military and other specialists in humanitarian and social arts in the course of scientific and educational activities.*

**Key words:** *military environment, world of Chingis, world literature, spiritual modernization, military heronnel, spiritual and moral values, patriotism.*

Коғамның қай саласын алып қарасаңыз да XX ғасыр қарама-қайшылыққа толы дәуір болғаны белгілі. Осыған қарамастан ғылым мен техниканың үздіксіз дамуы, келешекке деген сенімі өркениетті дамыған елдерде жалпы адамзаттық мәдениеттің қалыптасуына ықпал етті. Соның бірі - «Адамзаттың Айтматовы» деген қанатты ұғымымен бір арнада тоғысқан гуманист-жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ-қырғыз халқына ортақ халық жазушысы Ш.Т. Айтматовтың шығармашылық мұрасы - әлем әдебиетіне жаңа тың серпін әкелгені тағы да белгілі.

Жазушы Ш.Айтматов әдебиет әлемінде талай танымдық және тағылымдық мәні бар ғаламдық проблемаларды көтеретіні сөзсіз еді. Өттең, ажал арамыздан, тіпті, оның 80 жылдық мерейтойын тойлауына да жеткізбей алып кетті-ау...

«Өлді деуге бола ма, айтындаршы,

Өлмейтұғын артына сөз қалдырған», - деп, Ұлы Абай айтқандай, Шыңғыс Төрөқұлы Айтматов мұрасы туралы Еуропа, ТМД елдерінде және Қазақ елінде өткізілген түрлі мәдени-шаралары мен зерттеу-жұмыстарын санамағанда, соңғы кезде қазақ әскери ортаны Ш.Айтматовтың шығармашылық мұрасы арқылы тәрбиелеу бағытында жұмыстар қолға алына бастады. Сол алғашқы жұмыстың бір парағы - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне бағынысты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінде 2019 жылы 12 сәуірде Шыңғыс әлемін пір тұтқан қазақ – қырғыз әскери мамандары мен зиялы қауым өкілдері бас қосқан «Дөңгелек үстел».

Қазақтың халық ақыны Әбділда Тәжібаевтың:

«Басыма кидім ақ қалпақ,

Оюлап шетін сырғызған.

Менің де бетім жап-жалпақ,

Айырмам қане, қырғыздан!» [1] - деген өлең жолынан қазақ пен қырғыздың түр келбеті мен бас киімінен-ақ, екі халықтың жан дүниесін, тыныс-тіршілігіне ортақ үндестігін, тарихи сабақтастықтығын көреміз.

Жалпы, «Адамзаттың Айтматовына» айналған гуманист – жазушы Ш. Айтматов – қайталанбайтын, ғажайып дара тұлға. Оның шығармасындағы қай кейіпкерлерді алып қарасаң да, «бізге дейін мойындалған» қырғыздан гөрі қазаққа өте-мөте жақын еді, – демекші, оның басты сыры – туып-өскен жері қазақ ауылымен іргелес, қоныстас болуында жатса керек. Сондықтан қаламгердің «Жәмиласынан» бастап, «Қош бол, Гүлсара», «Ақ кеме», «Боранды бекет», «Теңіз жағалай жүгірген Тарғыл төбет» тағы басқа шығармаларындағы кейіпкерлердің өн бойынан қазақи мінез бен асқақ рухты аңғарғандай боламыз. Екіншіден, жазушы өзі айтқандай, Мұхтар Әуезовті өмір бойы пір тұтуында жатса керек. Олай дейтініміз: солақай саясаттан адамзатқа ортақ мұра – «Манасты» арашалап қалуында бар күш-жігерін жұмсаған ұлы Мұхтар Әуезов болса, ал кейін 1958 жылы жазылған «Жәмила» повесіне алғаш болып қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов пен француз жазушысы Луи Арагон жүрек жарды пікірлерін білдіріп, оның әлем әдебиеті классигіне айналуына тұсауын кескен де М. Әуезов болды. Бірақ та сол сәтте, ұлы Мұхтар кейін Шыңғыстың әлем әдебиеті классигіне, «Адамзаттың Айтматовына» айналатынын білген де жоқ шығар...

XX ғасырдың ұлы суреткер жазушысы Ш. Айтматов қаламынан туған әрбір шығарма адамзаттың көкейкесті мәселелерін қозғауымен, сыршылдығымен, шыншылдығымен, жаңашылдығымен ерекшеленеді. Оның шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденісі, үздіксіз еңбектенуі арқасында тұтас бір дәуір шындығын «Табиғат – адам – қоғам (орта)» деген үш саланы бір ғана әдебиет арнасына түйістіруі арқылы Шыңғыс Төрөқұлы әлем әдебиеті классигіне айнала білді.

Ш. Айтматовтың қай шығармасын алып қарасақ та, қоғамда болып жатқан жағдайларды көргендері мен түйгендерін әдебиет майданында азаматтық рухпен, халықтың рухани бай мұрасын, құндылығын ұлттық деңгейде адамзаттың көкейкесті мәселесі тұрғысынан көтере білді. Бір ғана жазушыны алғаш әлемге танытқан әйгілі туындысы «Жәмила» (1958-ж.) повесі. Онда автор соғыс кезіндегі тылдағы еңбек адамдарының, яғни қазақ-қырғыз қыз-келіншектерінің жиынтық бейнесі Жәмиланы жаңа көзқараспен сомдау арқылы әлем әдебиетінде жаңашылдығымен танылды.

Қалай десек те, жазушы шығармаларында көтерген мәселелер өз алдына жеке-жеке зерттеулерді қажет етеді. Соның бірі – патриотизм тақырыбында жазылған шығармаларының өн бойынан ұлттық сана

(идеология), рухани-адамгершілік құндылықтар, туған жеріне, оның кең байтақ даласына, тау-тасына, өзен-көліне деген отаншылдық сезімі көрініс тауып жатады. Нақтырақ айтқанда, қаламгер шығармаларынан елдік пен ерлік, туған елге деген махаббат, ұлттық құндылық пен дәстүр сабақтастығын азаматтық рухпен насихаттай отырып, ол - әрбір азаматтың парызы екенін, әскери тілмен айтқанда, «Отан. Міндет. Абырой. Ерлік» арқылы отаншылдық сезімді немесе елге адал қызмет ету азаматтық парызды көркем әдебиет арқылы қалыптастыру екенін сезінеміз. Мысалы, «Бетпе-бет», «Атадан қалған тұяқ», «Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн)», «Республика Одасы» т.б. шығармалары. Соның бірі - жазушының әлем әдебиеті жауһарынан орын алған шығармаларының бірі «Теңіз жағалай жүгірген Тарғыл төбет» [2] шығармасында ашық теңізде адасқан қайық үстіндегі төрт адамның тағдыры арқылы өмірге деген құштарлық пен адам рухының асқақтығын суреттей отырып, жастар бойына патриоттық рухты тәрбиелеу өткенді біліп қана қоймай, оны келешек ұрпаққа жеткізу аға буынның парызы тұрғысынан сөз етеді.

Екіншіден, гуманист - жазушы Ш. Айтматов осы шығармасы арқылы КСРО құрамындағы аз ұлт өкілдерінің бірі - сонау қырғыз даласынан алыс жатқан Охот теңізі жағалауындағы өмір сүретін нивх халқының тұрмыс-тіршілігін, мәдениетін, әдет-ғұрпы мен ата кәсіптерін әлемдік деңгейге көтерумен қырғыз бен нивх халықтары арасындағы тарихи-мәдени-әдеби байланысы арқылы оның ұлы достықтың жаршысы және әлем мойындаған «Адамзаттың Айтматовы» қайталанбас дара тұлға екенін дәлелдеп берді.

Шығарманың бастау желісін қаламгер, теңіз бен құрлықтың пайда болуын ықылым заманнан келе жатқан Лувр үйрекке қатысты мифологияны табиғат – адам – орта арқылы қарапайым ұғыммен байланыстыра отырып, одан әрі теңізде адасқан төрт адам: ру басы Орган қарт, екі аңшы – бірі баланың әкесі Эмраин және немере ағасы Мылгунның аталар салған жөн-жоралғымен теңізге аттанған Эмраинның баласы – Кирискінің тағдыры баяндалады. Онда баланың алғаш теңіздегі табиғаттың тосын құбылысы қалың тұманмен бетпе-бет кездесуі, олардың «теңіз тұтқынынан құтылуда» жан алып – жан берісіп арпалысқан сәттерінен өмірге деген құштарлығы мен асқақ рухын көрсек, екіншіден, атадан балаға мирас болып келе жатқан ата кәсіп теңізден аң, яғни нерпа (итбалықты) аулаудың жолдары мен тәсілдерін үйрету, кейінгі ұрпаққа мұра ету.

Сырттай қарағанда, жазушы шығармасынан

кешегі өткен ғасырдағы Арал теңізінің асау толқындарымен арпалысқан, теңізден күн-көрісін азық еткен Арал балықшыларының бейнесі көз алдына елестейді. Сондықтан автор, қазақ балықшылары мен Қиыр Шығыстағы Охот теңізі балықшыларының арасындағы ортақ ұқсастық, ол – теңіз болса, екіншіден Сібірді мекен еткен нивх халқы мен Орта Азия халықтарының шығу тегі («палеоазиаттық») арасындағы туыстық байланысты меңзейді.

*Анықтама: Сібір халықтарының біршама тобын – Ресейдің азиялық бөлігін ертеден мекендегендердің ұрпақтары деп есептелінетін – палеоазиаттар аталып кеткен халықтар орналасқан.*

*Алайда, бұл мәселе шиеленіске толы. Бірінші жағынан «палеоазиаттық» этникалық қоғамдар қашан және қай жерде қалыптасқаны белгісіз, екіншіден, ғалымдар пікірі бойынша ортақ «палеоазиаттық» этнолингвистік семьяға болмаған, оның үстіне шартты түрде оған жатқызатын тілдер лингвогенетикалық тұрғыдан түрліше. ...тіпті Сібірдің басқа да тілдік қоғамдастықтарымен ортақ генетикалық туыстық жоқ деуге болады. Мысалы, Енисейдің орта және төменгі ағысын мекендеген – кеттер, солтүстік Сахалин мен Амур төменгі ағысындағы - нивхілер... [3, 226-б.].*

Тілге тиек етіп отырған шығарманың философиялық мәні «Теңізде үлкен – кіші жоқ. Теңізде сен әкесің, сен баласың деп жатпайды. Теңізде тек басшы ақсақал ғана бар» [2, 20-б.]- десе, енді бірде: «Теңізде басталған кәсіп, әйтеуір бір кезде теңізде аяқталмақ» [2, 9-б.], - деген жолдарынан адами құндылықтар мен қасиеттерді, ата кәсіпті сезініп қана қоймай, өзін теңіз әлемі кеңістігіндегі болып жатқан оқиғамен бірге араласып жүргендей әсерде боласың. Бұдан біз, жазушының бар болғаны төрт адамның жан дүниесін, мінезі мен болмысын, теңіз үстінде арпалысқан сәттерін өзін қоршаған теңіз әлемі кеңістігімен байланыстырып қана қоймай, оларды психологиялық тұрғыдан суреттеп образ жасаудың да хас шебері екенін аңғарамыз.

Ш. Айтматов шығармасындағы «Теңіз бетінде әке де, бала да болмайды. Теңіз үстінде адамдардың бәрі бірдей, тек көсем қартына ғана бағынады. Көсем қалай айтты, солай болмақ. Әке бала ісіне араласпайды, бала әкесіне шағым айта алмайды. Әулет салты сол» [2, 13-б.], - деген сөйлемдерден отбасынан басталатын әке мен бала, үлкен мен кіші арасындағы сыйластықты, адамгершілік қасиеттерді Кирискі образы арқылы оқырман тереңірек үңіле бермейтін астарлы философиялық ойды суреттейді.

Біздіңше, жоғарыдағы асты сызылған мәтін жолдарын әскери алаң тіліне айналдырсақ, онда «әскери

алаңдағы сарбаздар тек командирге бағынады. Командир қалай айтады, солай болады. Командир бұйрығы талқыланбайды, орындалады», - дегендей, адамның табиғи қасиетін командир көсем қарт арқылы тарихи-дәстүр сабақтастығын негізінде ұлт құндылығын, ұлттық әдет-ғұрып дәстүрлерін сақтап қалу бағытын дәріптейді. Сондай-ақ, одан әрі шығармадағы: «Теңізде үлкен – кіші жоқ. Теңізде сен әкесің, сен баласың деп жатпайды. Теңізде тек басшы ақсақал ғана бар» [2, 20-б.], - деген жолдарын әскери алаңға айналдырсақ, «Әскерде үлкен – кіші жоқ. Әскерде бәрі бірдей. Әскерде тек басшы командир ғана бар», - демекші, әскери командир бейнесі ру басы Орган қартпен үндесіп жатқанын көреміз. Сонымен қатар, аталған шығарма тілінде артық тұрған сөз жоқ. Мысалы:

«- Оның қалай, ата? Өзіңе де құй! - деп Эмрайин шыдай алмай қыр-қыр етті. - Кеше де ішкен жоқсың, өлсек, бәріміз бірге өлейік.

- Мен шыдаймын ғой! – деп Орган сыр бермеді.

- Жоқ, мұның дұрыс емес! - деп Эмрайин ашуланып, дауыс көтере бастады. - Олай болса, мен де ішпеймін!

- Енді ішетін дәнеңе қалған жоқ қой. Не айтып отырсың өзің? - Орган мырс етіп, қандай ақымақсыңдар, дегендей басын шайқап қойды. Кеспектің тығынын қайта суырып алып, бір қасық суды шөмішке сарқып құйып:

- Мен үшін Кириск ішсін, - деді» [2, 63-б.] - деген сөйлем жолдарынан болашақ ұрпағын аман-сақтап қалу үшін өз өмірлерін құрбан етуге барған ата-әкелерінің ерлігін, адами қасиеттерін оқырманға түсінікті қазақ тіліне жақсы тәржімаланып жеткізген қазақтың қайтпас қара нары, жазушы, әрі Шыңғыстың досы Шерхан Мұртазаевтың асқан шеберлігін көреміз. Жоғарыда келтірілген шағын мәтін жолдарындағы Орган қарттың «Мен үшін Кириск ішсін» - деген жалғыз ауыз сөзінен-ақ, қазақтың №1 Тұңғыш Қорғаныс министрі, Кеңес Одағының Батыры, Армия генералы Сағадат Нұрмағанбетовтің «Ұлтқа қызмет етудің құны - адалдық», - деген қанатты сөзімен үндесіп жатқанын және Орган қарттың болашақ ұлт ұрпағына қызмет етудің үлгісін көрсетіп тұрғанын іштей ғана сезінесің.

Жазушының осы шығармасындағы теңіз шайқасынан болашақ ұрпақ иесі - Кирискіні аман-есен сақтап, елге жеткізу үшін бар күш-жігерімен, ақыл-парасаты мен өмірлік тәжірибесіне сүйенген командир Орган қарт, сарбаздары: әкесі - Эмрайин, ағасы - Мылгун образдарымен үндесіп жатса, екіншіден олар жас сарбаздың (Кирискі) бойына ата кәсібіне, ежелгі

ата қонысына, туған ауылына деген махаббаты, өмірге деген құштарлығын насихаттауда жатқанын аңғарамыз.

Осы жерде ғалым Ж.Ә. Аймұхамбеттің «Теңіз жағалай жүгірген тарғыл төбет» повесіндегі Орган мен Мылгунды, Эмирайн мен Кирискті алып, теңіз үстінде адасқан жалғыз қайық адам баласы тағдырын еске салғандай. ...Қайық үстіндегі ересектер Кириск баланы аман сақтау үшін өздерін құрбандыққа шалып, бірінен соң бірі теңізге секіріп кетеді. Сөйтіп, ұрпақтарын аман қалдырады. Кириск үшін тұманы сірескен теңіздің тұтқынынан шығу – ұлы ерлік еді. Әбден шөлдеген кезінде көк тышқан су әкеліп береді деген бала қиял, Лувр үйрек пен Ақ үкіге қатысты сенім Кирискіні Тарғыл төбет жағалауына демеп жеткізген. Әкесі мен атасы, ағасы болса теңіз тұтқынында қала берді. Солардың аманатын арқалап шыққан бала арқылы қаламгер адам атты тұлғаның жасампаз қасиетін паш етеді» [4], - деген пікірін оқырман назарына ұсынып, Ш.Айтматов ел тағдыры болашақ ұрпақтың қолында екенін азаматтық рухпен үндейді. Жазушының бұл туындысы кешегі қазақтың сыршыл ақыны М. Жұмабаевтың:

«Арыстандай айбатты,

Жолбарыстай қайратты,

Қырандай күшті қанатты -

Мен жастарға сенемін!» [5, 32-б.], - атты өлең жолдарымен астасып жатқанын көреміз. Екінші сөзбен айтқанда, Шыңғыс Айтматов шығармасын оқып, оған арқау болған адамзаттық көкейкесті мәселені жете түсінген оқырман ғана Айтматовтың айтайын деген «көркемдік ойынан» оның «Дәуір шындығының жаршысы» екенін танып-біледі. Оған дәлел: сонау 80-жылдары («Боранды бекет» романы) ұлт тағдырын әлемдік деңгейде («мәңгірттік» (ұлттық сана-сезімінен айыру саясаты) проблемасын бірінші рет шығармасы арқылы қоғам назарын аударып, дабыл қағуы – жазушы ерлігі, әлем әдебиетінде жасаған сенсациясы болса, ал қазіргі жаһандану заманында өзекті мәселе болып отыр. Мұның өзі – тарихи сабақтастықты сақтап, өткенді сипаттап, ғылым мен технология ғасырында адамзат баласының ақыл-ойын қалыптастырып тәрбиелеуде қоғамда әдеби шығарма рөлінің маңызы зор екенін қаламгер Ш.Айтматов тағы бір дәлелдеп берді.

Осы орайда, Шыңғыс әлемінің шығармашылық зертханасына зер салсақ, бір тобы – соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі ауыл адамдарының өмірі, тыныс-тіршілігі мен ерен еңбектеріне арналған шығармалары. Өйткені, ол соғыс жылдарында ауылда өсіп, сол бір қиын кезеңде еңбек етіп, азамат ретінде

калыптасты. Сондықтан оның «Бетпе-бет», «Құс жолы», «Жәмила», «Шынарым менің, шырайлым менің» шығармаларында ауыл адамдарының басына салған соғыстың салмағын басты тақырып етуі заңды құбылыс еді. Ойшыл-гуманист қаламгер аталған шығармаларында өмірден көргендері мен көңіліне түйгендерін пайымдап, ойлары мен толғаныстарын шындық өмірдегі оқиғаларымен астастырып, соғыс кезінде жеке бастарының қамын ойлаған, өз мүддесін жоғары қойған адамдар образын суреттей отырып, әлі де болса осылар қоғамда кездесетінін меңзейді. Олай болса, әскери ортаны жазушының соғыс тақырыбына арналған шығармашылары арқылы адамдық, адамгершілікке тәрбиелеу - бүгінгі күннің өзекті проблемасымен қатар, жоғарыда аталған туындыларының негізгі идеясы «...қоғамдағы көкейкесті мәселелерді көркем, әрі шыншыл сипаттауымен әлем әдебиетінің асыл қазынасы, ұлы мұрасы болып саналады» [6], - дегендей, Шыңғыс әлемінің мүмкіндіктері мен ғажайып құдыретін, суреткерлік шеберлігін, философиялық ойшылдығын ғасырлар тоғысында жалғасқан сабақтастық деп қараған абзал. Олай болса, жазушы шығармаларының суреткерлік құдыреті мен гуманизмі, өміршеңдігі еліміздегі «Рухани жаңғыру» бағдарламасымен астасып жатқанын да аңғару қиын емес.

Қорыта келгенде, Қырғыз Республикасы Парламенті, Жоғарғы Кеңес депутаты Қаныбек Иманәлиев «қырғыз бен қазақ барда Шыңғыс есімі әр дәйім биік-

те болмақ» [7], - дегендей, жастарды әскери-патриоттық тәрбиелеуде және әскери қызметшілер бойына Шыңғыс Айтматовтың шығармашылық мұрасы арқылы әскери ортаға тән ортақ ұлттық болмысы, рухани - адамгершілік құндылықтары тұрғысынан зерттеу - әскери мамандардың басты міндеттерінің бірі болмақ. Бір сөзбен айтқанда, қырғыз халқының бір туар ұлы, қырғыз бен қазақ әдебиетінің ақсөзгері, көзі тірісінде ақ әлем әдебиетінің классигіне айналған Шыңғыс Айтматовты, қазақ елі «Адамзаттың Айтматовы» дейтін сөз тіркесіне «әлем әдебиетіндегі жаңа құбылыс иесі (феномені)» деген жолдарды қосып айтсақ, әскери ортада да Шыңғыс әлемі одан әрі биіктей беретіні сөзсіз.

#### Әдебиеттер:

1. <https://www.zharar.com/kz/biography/1952-aitmatov.html>
2. Айтматов Ш. Теңіз жағалай жүгірген Тарғыл төбет: Повесть. Орыс тілінен ауд. Ш. Мұртазаев. - Алматы: «Жалын», 1979. - 112 б.
3. Шәлекенов У.Х., Шәлекенов М.У. Әлем халықтарының этнологиясы (Оқу құралы. Жоғарғы оқу орындарына арналған) - А., 2002. - 302 б.
4. Аймұхамбет Ж.Ә. Ш. Айтматов шығармаларының мифопоэтикалық құрылымы//<https://adebiportal.kz/kz/news/view/14227>
5. Жұмабаев М. Шығармалары: өлеңдер, поэмалар, қара сөздер /Құраст.: Абдуллин Х., Дәрімбетов Б., Жұмабаева - З. Алматы: «Жазушы», 1989. - 488 б.
6. <http://massaget.kz/blogs/proza/19138/>
7. <http://tilalemi.kz/article/1369-.html>